

Ауғанның отты жалыны (Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу)

№6 Хромтау гимназиясының «Сұңқар» патриоттық клубының мүшелері 14 ақпан күні Отан алдындағы борыштарын адал атқарған Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізді. Кездесуге келген Ауған соғысының ардагерлері Люкаев Сергей Викторович, Оспанов Мейіржан Қалқаманұлы, Имандосов Ержолдас Мухамбетжанұлы, ҚР Ауғанстан және жергілікті соғыс ардегерлері одағының Батыс Қазақстан өңірі бойынша одақ өкілі Кужбанов Әлжан Төлегенұлы білім алушыларға ерлік, батырлық, патриотизм, борыш тақырыбында берілген сұрақтарға жауап бере отырып, ризашылықтарын білдірді. «Сұңқар» патриоттық клубының мүшелері патриоттық әндер орындап, кездесу соңында естелік суреттерге түсті.

